

**Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі  
Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы**

**«Менің Отаным – Қазақстан» туристік-өлкетану экспедициялық  
жасақтардың республикалық слетінің**

**БАСПАСӨЗ-ХАБАРЛАМАСЫ**

**9-11 сәуір 2015 жыл**

**Орал қаласы**

Қазақстан халқы Ассамблеясының жылы және Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 70 жылдығы аясында Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің қолдауымен «Менің Отаным – Қазақстан» туристік-өлкетану экспедициялық жасақтардың республикалық слетін (ары қарай - Слёт) өткізеді.

«Менің Отаным – Қазақстан» туристік-өлкетану экспедициялық жасақтардың республикалық слеті – бұл игілік, бейбітшілік, ұлтаралық достық, конфессияаралық түсіністік пен келісім идеяларындағы тұлғааралық қатынастардың толерантты мәдениетін нығайтуға, Қазақстан Республикасындағы барлық ұлттың дарынды және әлеуметтік белсенді балаларын қолдауды дамытуға бағытталған әлеуметтік білім беру жобасы.

**Негізгі мақсат** – мектеп оқушыларының отансүйгіштік және азаматтық сезімдерді тәрбиелеу, экспедициялық жасақтардың туристік-өлкетанушылық іс-әрекетін ширату арқылы салуатты өмір салтын насихаттау, балалардың тұрақты қызығушылықтарын және кәсіби ерте бағдарлау, рухани құндылықтарды қалыптастыру, өскелең ұрпақты адамгершілік және мәдени тұрғыда дамыту.

Слётке «Менің Отаным – Қазақстан» өңірлік туристік-өлкетану экспедицияларының жеңімпаз командалары қатысады.

Барлық Слётке қатысушыларға сертификаттар беріледі, ал жеңімпаздар – дипломдармен және құнды сыйлықтармен марапатталатын болады.

«Менің Отаным – Қазақстан» туристік-өлкетану экспедициялық жасақтардың республикалық слеті 2015 жылғы 9-11 сәуірде Батыс Қазақстан облысы, Орал қ., Облыстық Балалар мен жасөспірімдер туризмі және экологиясы орталығының базасында өткізіледі (Исатай батыр к., 71/1).

Қосымша ақпаратты мына телефондардан алуға болады:

**8 (7172) 24-93-08, 8 (701) 500-18-17; e-mail: kalievdin@mail.ru**